

3. Чокушов Б. Классовая борьба в киргизских аилах в первые годы социалистических преобразований(1918-1924 гг.). – Фрунзе, 1970, с.26.
4. Зорин А.Н. Революционное движение Киргизии (северная часть). – Фрунзе, 1931, с.25. [Ист.парт.Ср.Аз.Бюро ЦК ВКП(б). Семур фонд, дело №21].
5. Второй Всероссийский съезд Советов рабочих и солдатских депутатов: Сб. документов. – Москва, 1997, с.15-16.
6. Абылгазиев В. Крах политического бандитизма. – Фрунзе, 1984, с.20.
7. Разгром контрреволюционных сил в Киргизии в годы иностранной военной интервенции и гражданской войны: Сб.док.1918-1920. – Фрунзе, 1983, с.480.
8. Чокушов Б. Классовая борьба и упрочение советской власти в киргизских аилах (1918-1924 гг.). – Фрунзе, 1968, с.6.
9. Турсунов Х.Т. Национальная политика Коммунистической партии в Туркестане. – Ташкент, 1971, с.18; 335-336.
10. Бугай Н. Ревкомы. – Москва: Политиздат, 1981, с.46.
11. ЦГА КР. ф.68. оп.1. д.6. л.14.
12. Ормушев А.С., Жумалиева В. Жусуп Абдрахманов –Чыгаан мамлекеттик ишмер, 2021.
13. Плоских В.М. Манас не признал себя виновным. – Бишкек, 1993, с.9.
14. ЦГА КР. ф.20. оп.1. д.3. л.4.
15. ЦГА КР. ф.20. оп 1. д.18. л.45.

УДК 94(574.53)

DOI 10.58649/1694-8033-2024-4(120)-268-273

Раджапов А.У.

Казак спорт жана туризм академиясы

Раджапов А.У.

Казахская академия спорта и туризма.

Radzhapov A.U.

Kazakh Academy of Sports and Tourism

ТҮРКІСТАН ӨңІРІНДЕГІ АШАРШЫЛЫҚ ҚАУПІ (СЫРДАРІЯ ОБЛЫСЫ МЫСАЛЫ НЕГІЗІНДЕ. 1917-1918-жж.)

1917-1918-ЖЫЛДАГЫ ТҮРКИСТАН ОБЛАСТЫНДАГЫ АЧКАЧЫЛЫҚ КОРКУНУЧУ (СЫРДАРЬЯ ОБЛАСТЫНЫН МИСИЛИНИН НЕГИЗИНДЕ)

УГРОЗА ГОЛОДА В ТУРКЕСТАНСКОМ РЕГИОНЕ В 1917-1918 гг.

(НА ПРИМЕРЕ СЫРДАРЬИНСКОЙ ОБЛАСТИ)

THE THREAT OF FAMINE IN TURKESTAN IN 1917-1918

(ON THE EXAMPLE OF THE SYRDARIN REGION)

Кыскача мүнөздөмө: Макалада Убактылуу өкмөттүн тушундагы Түркстан аймагындагы ачарчылык коркунучу жана бийликке келген большевиктер гана изилденет. Макаланын методологиялык негизин 1917-жылдын июнунан 1918-жылдын апрелине чейинки мезгилде чыккан "Б Ошрл салкын туу" гезитиндеги басылмалар түзөт. Гезит басылмаларына сереп салуу Түркстан аймагын 1917-1918-жылдары каптаган ачарчылык коркунучун ачык көрсөтүп турат.автордун пикири боюнча Казакстанда 1921-1922-жылдардагы коркунучтуу ачарчылыктын себептери жарандык согуш жылдарында большевиктердин "каталары" жана ошол жылдары башталган кургакчылык гана эмес. Анткен менен ачарчылыктын башатына падышалык администрациянын казактарды түшүмдүү, сугат жерлеринен ажыраткан мурда башталган көчүрүү саясаты кирет.

Аннотация: Стаття посвящена изучению угрозы голода в Туркестанском регионе в период правления временного правительства и только пришедших к власти большевиков. Методологическую основу статьи составляют публикации в газете «Бірлік туы», выходившей в период с июня 1917 по апрель 1918 года. Обзор газетных изданий наглядно показывает угрозу голода, охватившую Туркестанский регион в 1917-1918 гг. Причинами страшного голода 1921-1922 гг. в Казахстане, по мнению автора, являются не только «ошибки» большевиков в годы гражданской войны и разразившаяся в те годы засуха. Все-таки к истокам голода относится начавшаяся ранее политика переселения царской администрации, лишившая казахов плодородной, орошаемой земли, что и привело к обнищанию местного населения.

Abstract: The article is directed to the study of the famine threat in the Turkestan region during the reign of the Temporary Government just that came to the power of Bolsheviks. The methodological basis of the article is the publications of the newspaper "Birlik tuy", published in the period from June 1917 to April 1918. A review of newspaper publications clearly shows the threat of famine that gripped the Turkestan region in 1917-1918. The reasons for the terrible famine of 1921-1922 gripping Kazakhstan, according to the author, is not only the "mistakes" of the Bolsheviks during the Civil War but the drought that broke out in those years. Still, the origins of the famine include the earlier policy of resettlement of the tsarist administration, which deprived the Kazakhs of fertile, irrigated land, which led to the impoverishment of the local population.

Аңдатпа: Мақала уақытша үкімет және енді ғана билікке келген кеңес өкіметі тұсындағы Түркістан өңіріндегі ашаршылық қаупі, онымен күрес жолындағы іс-шараларды зерделеуге арналады. Мақаланың әдіснамалық негізін басты дереккөз ретінде 1917 жылдың маусымы мен 1918 жылдың сәуірі аралығында шығып тұрған «Бірлік туы» газетінің жарияланымдары құрайды. Газет басылымдарына шолу Түркістан өңірін шарпыған ашаршылық қаупін анық көрсетеді. Автордың ойынша, 1921-1922 жж. Қазақстанды шарпыған алапат ашаршылықтың түп тамыры Азамат соғысы жылдарындағы большевиктердің «солақай саясаты» мен сол жылдары орын алған қуаңшылық қана емес, ол 1917-1918 жылдардан бастау алады. Оған ертеректе басталған, қазақты құнарлы, сулы, шұрайлы жерінен айырған, сәйкесінше, тұрғындардың жаппай кедейленуіне алып келген қоныс аудару саясатының да айтулы ықпалы болды.

Негизгі сөздөр: Туркестан; Сырдария областы; ачкачылық; убактылуу өкмөт; Совет бийлиги.

Ключевые слова: Туркестан; Сырдарьинская область; голод; временное правительство; Советская власть.

Keywords: Turkestan; Syrdarinsk region; famine; Provisional government; Soviet power.

Кілт сөздер: Түркістан; Сырдария облысы; ашаршылық қаупі; Уақытша үкімет; Кеңес өкіметі.

XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси ахуалын оқып-үйренуде, зерттеп жазуда сол тарихи кезеңдерде шығып тұрған мерзімді басылымдар жарияланымдарының маңызы зор. Түркістан өлкесінің, оның Сырдария мен Жетісу областары тұрғындарының өмір-тіршілігі туралы құнды ақпарат беретін басылымның бірі – 1917 жылдың 24 маусымы мен 1918 жылдың сәуір айының аралығында жарық көріп тұрған «Бірлік туы» газеті. Қазақтың асыл азаматтары, қазақ зиялыларының көрнекті өкілдері Мұстафа Шоқай, Қайретдин Болғанбаев, Сұлтанбек Қожанов редакторлық еткен «Бірлік туының» жарияланымдарына шолу Түркістан аймағын тұтастай дерлік шарпыған ашаршылық, онымен күрес барысы туралы біраз ақпарат береді. Мақаламызға арқау болып отырған Түркістан өлкесінің Сырдария облысындағы жағдайдың сол жылдары ушығып тұрғандығын байқау қиын емес. Газеттің 1917 жылғы 11 нөмірінде Сырдария облысының Қазалы уезіндегі тұрғылықты халықтың хал-ахуалынан мәлімет беретін уездік кеңес «төбеағасы» Жатғариннің хаты негізінде жазылған, «Қазалы уезінен»

тақырыбымен жарық көрген жарияланым бар. Онда аталмыш уез тұрғындарынан әскерге 100 мың бас қой алу үшін арнайы комиссияның барғанына көз жеткіземіз. Ал мұның уездегі астық тапшылығы себепті, малымен ғана күн көріп отырған, онысыз да «жерінде оты, қолында пішені жоқтығы» салдарынан қолында бар малы қырыла бастаған қазақ үшін ауыр тигендігі айқын көрінеді. Жергілікті кеңес уездегі қалыптасқан ауыр жағдайды баяндап Түркістан комитеті мен облыстық кеңеске жеделхат жібереді: «Даладағы қазақ халқының осы күнгі халі тіпті қиын, оларды ашаршылық жұтып тұр, азық-түлік комитеті бір айға жан басына жарты-ақ қадақтан ұн береді. Ол да нағыз уақытымен тиіп тұрмайды. ...қазақтың жалғыз сүйенген малы өле бастады. Енді, осындай күйде тұрғанда әскерге бір жүз мың қой беруді қазақ советі мүмкін таппайды» [1]. Осы жеделхаттан астық тапшылығы салдарынан жағдайдың шиеленіскендігі соншалық, жеткілікті астық жеткізіліп берсе күн көріп отырған қолындағы малын беруге де дайын болғандығын аңғарамыз: «Хүкімет қазаққа жеткілікті астық беруді міндетіне алса, мал беруге жұрт даяр. Егер астық бермей қазақтың әзер жан сақтап отырған малын аламын десе, онда мұның аяғы насырға шауып жұрттың қырылуына шек жоқ. ...Қазақ жалғыз жан сақтап отырған малынан айырылып, өзі қалай күн көрсін. Не қылса да бұл туралы тиісті бір тәртіп қылуыңызды өтінемін». Ашаршылық қаупінің сыртында халықты алаңдатып отырған тағы бір жәйтті аңғару қиын емес. Бұл әскерилер тарапынан жергілікті тұғындарға жасалатын қысым, қоқан-лоқылық болса керек: «Оның бір жағында әскерге деп мал беруге қазақтың онша құлқы болмайтын бір себебі тағы бар, қазақ майданда мемлекет үшін қан төгіп жатқандарды қанша қуаттайын дегенмен мына өзі көріп жүрген солдаттарға қарап түңіледі. Осы күні қазақ олардан һеш жерде зорлық пен зомбылықтан басқа көріп отырған жоқ». Облыс көлеміндегі астық тапшылығы мен малының қырылуынан зардап шеккен халықтың күн көрісін қиындата түскен мына бір факторды да елемеуге болмас. Бұл облыстық комитеттердегі шенеуніктердің тарапынан жасалып отырған алаяқтық пен қылмыстық іс-әрекеттер. Мұны басылымның 1917 жылдың 14 нөміріндегі «Шымкенттен азық-түлік» мақаласынан анық аңғарамыз: «Ел арасындағы азық-түлік комитеттерінде арамдық көп. Комитетке сайланған елдің атқамінер мырзалары ұят, иманнан безіп жатыр. Бұлардың аштан қырылайын деп отырған жұрт хақында қайғылары жоқ, уайымдары қарабастары; қуғандары жалғыз өз пайдалары. Бұлар жұрт үшін отқа түсіп, шет жерден азық-түлік жеткізудің орнына сол сорлы жұрттың тиісті сыбағаларын жұлып жеп жүр. Бишара жарлы жақыбайлар бір тілім нанға зар болып, бір шақпақ қантқа қолы жетпей жүргенде комитеттегі атқамінерлер ол сорлыларға тиісті азық пен қантты сатып, пайда табады. Сорлы момынның балалары нан сұрап жылап, ашаршылықтан өлімге бет алып жатқанда, комитетші азаматтар халықтың астығын, қантын ұрлап сатып, капитал жинайды» [2].

Дегенмен, кейбірінің жалтарып жүргеніне қарамастан, мұндай халықтың несібесін жеп жүрген алаяқ-шенеуніктердің өз жазаларын алып отырғандығы да байқалады. Осыған қол жеткізіп отырған Уақытша үкіметке деген ризашылық, артылған үміт те сезіледі. Бұл да осы жарияланымда сөз болады: «8-нші сентябрьде осындай арамдығы тақырыпты қоңырат ішінде бабалары Датқа болған Мейрамбек азаматтың бір баласы төрт жолдасымен бірге абақтыға жабылды. Нағыз сондай арамдық қылған жұртқа мәлім бір жігіт әзір аман жүр. Ол осы кәсіптің арқасында бас-аяғы 4-5 ай ішінде 20-30 мың сом капитал жиыпты. Шымкентте істерінің алды анадай абақтыға түскен соң бұл мырза осы күні ініне су құйылған тышқандай қайда барарын білмей сасуда. Онан соң 2-нші октябрьде бір екі «болыс» ұсталып қамалды. Олардың айыптары да сол арамдық. Бұлардан басқа да осындай іске араласқан қулардың көбінің сасық істері жағып тұр. Құдай қалап сәті түскен күні олар да абақтыда төрін зират қылмай кетпес. Мінекей, «біздің жұртқа қызмет» қылу үшін комитетке сайланған азаматтарымыздың жайлары. Бұрынғы заман болса, мұндай сасықтар бықсып жата берер еді. Енді жақсы-жаманды ашып тұрған жаңа заманға тәңір жарылқасын ау!...». Облысқа төнген ашаршылық қаупінің алдын-алудың түрлі жолдары қарастырылады. Халықты астықпен қамтамсыз етудің бір көзі - басқа өңір облыстардан астық жеткізу болды. Соның бірі Сырдария облыстық азық-түлік Басқармасының Ақмола облысынан астық жеткізу

жоспарлары. Мұны «Ақмола облысынан астықтан» көреміз: «Сырдария облысының азық-түлік управасы осы уақытта Ақмола облысынан Оңтүстік уездеріне астық тарату мәселесін қарастырып жатыр. Осы тақырыпты управо азық-түлік министріне хабар жіберіп, Ақмола облысынан Сырдарияға бір жүз мың пұт астық әкелуге рұқсат сұраған екен. Азық-түлік министрі бұған рұқсат етпеді» [3]. Азық-түлік министрінің тарапынан рұқсаттың берілмеуіне қарамастан жергілікті билік органдарының астыққа қол жеткізу жолындағы жанкешті әрекеті, ойларынан бас тартпауы таң қалдырмай қоймайды: «...Егер бұл план іске асып, жарыққа шығатын болса, Ақмола облысынан бір жүз мың ғана астық тасылып қоймас, онан әлде неше қабат артық астық тасылуы мүмкін. Бірақ, ол астықты қалай тасып жеткізу мәселесі үлкен қиын мәселе. Темір жолмен тасу мүмкін болмауы себепті ескі Крегеш жолдарын түзету қажеттігі көрініп тұр. Облысной азық-түлік комитеті генеральный комиссардан Ташкент темір жолынан Атбасар уезіне баратын ескі Крегеш жолдарын тексертсеңіз екен деп, өтініш қылған екен. Генеральный комиссар бұл туралы тиісті тәдбірлерді қыла бастапты. Бұл ескі жолдарды түзетіп, оның үстіне һәр жерден үйлер салдырып құдықтар қаздыру үшін 10-15 мың сом қаражат шығатын сияқты көрінеді...». Газет жарияланымдарының ішінде сол кездегі Сырдария облысының орталығы Ташкенттегі жағдайдың да мәз еместігін баяндайтын бірнеше жарияланым бар. Солардың бірі осы 1917 жылдың 14 нөміріндегі «Ташкент 25-нші ноябрь». 1917 жылдың қазан-қараша айларындағы саяси оқиғалардың, сол бір аумалы-төкпелі заманның өңір тұрғындарының тұрмыс-тіршілігіне тигізген салқынын да байқаймыз: «Октябрь аяғынан бері бүкіл руссияда, онан қала берсе Ташкентте болып жатқан ұзын-қиғаш уақиғалардың салдарынан біздің даладағы ел-жұртпенен қатынасымыз кеміп қалды. Ел ішіндегі тілшілерден бір ауыз хабар ала алмағанымызға бір айдан аса уақыт болды. Ташкентте почта-телеграф қызметкерлері жұмысты доғарған себепті мұнан ілгергі нөмірлі газетіміз де оқушыларға жете алмай жатыр. Сондықтан тап осы күні ел-жұрттың не күйде жатқаны бізге ашық мәлім емес. Бірақ құлағы түрік, елді ескеретін адамға осындай даңғазаның ішінде жүргенде де жүдеген елдің талықсып шыққан үні естілмей жатқан жоқ. Тілшілерден келген хат хабар болмағанымен онан мұнан астық іздеп, сандалып жүрген қазақтардың сөздерінен жұрттың осы күні «Нан!», «Нан!» деп шулап отырғаны көрініп тұр. Нан! Нан! Нан! Мінеки осы күні ел бұл сөзді қалаға қаулап, қаладағы азық-түлік комитеттеріне қарап қақсап жатыр. Ол өз бетімен астық алар жер таба алмаған соң екі көзін төрт қылып, қаладағы комитеттерден бір жәрдем күтіп отыр» [4].

«Бірлік туы» ашаршылық қаупінің алдын алу қажеттігінің, болмаса мұның ауыр салдарларының күтіп тұрғандығын ескертіп дабыл қағады: «Жақында астық іздеп елден келген бір кісі басқармамызға кіріп мына сөздерді айтты: «Қарақтарым, оқығандар, осы күні ел-жұрттың халі нашар. Оның бір шеті ашаршылықтан өле бастады. Сонан соң не қылуға біле алмай сасқанымыздан қаладағы комитеттерге келіп жүрміз. Елдің барлық үміті комитеттерде һәм оларда қызмет етіп жүрген өздеріндей оқығандарға біз сол үмітпен қалаға келсек, сөзімізді һеш кім құлағына алмайды. Комитеттерден һәм олардағы оқығандарымыздан астық сұрасақ, олар бізге өз араларындағы жанжалдарды айтты. Біз оларға ашыққаннан мұңымызды айтсақ, олар бізге большевиктерін көрсетеді. Бізге большевиғіңнің де меньшевиғіңнің де керегі жоқ. Бізге нан керек, шай керек, қант керек. Елді керек қылсаңдар, бізге соларды тауып беріңдер. Қысқасы ел аш. Ел жалаңаш. Елдің алды ашаршылықтан өле бастады. Іс басындағылар мұны ескерсін. Әйтпесе, оның аяғы жақсылыққа соғатын көрінбейді». Мұның «жақсылыққа соқтырмайтындығын» артынша болған алапат аштықтың растап бергендігіне тарих куә. Большевиктердің билікке келуімен де жағдайдың түзеле қоймағандығы, халықтың сенімсіздік танытуы анық байқалады. Ол газеттің 21 нөміріндегі Ахмет Маметов есімді тілшінің «Ноғай «Қамқорынан» көрінеді: «Ташкентте 15-нші январьда болған крестьян съезінде “Аралское море” қазақтарының делегатымыз деген, бір топ қазақтарды көрдім. Бұлардан бұл съездің болатынын қайдан білдіңіз, кім бастап айтып алып келді деп сұрап едім, Хасан Сабыров деген бір ноғай большевиктерге айтып, қал жағдайыңызды түсіндіріп аш арықтарыңызға жәрдем бердірем,

орыстар мен теңеліп теңгеремін деген соң еріп келдік дейді. Ол ноғайын көріп, оның қолынан неш нәрсе келмейтұғынын, тек алдауына еріп алданып жүрсіз деп айтып қарағандар болып еді. Бірен-саран тыңдағандары болса да көбі бірқатар оқығандарынан пайда көре алмай өзі келіп қалған сорлы қазақ “сіздердің сөзіңіз жақсы, бірақ береріңіз жоқ, қатын балаларымыз шырылдап аштан өлейін деп жатыр бізге кім тамақ берсе сол жақпын” деп тыңдағысы келмеді. Хасан Сабыровтың кім екенін, қолынан не келетінін тұтқан жол жобасының қандай пайда, қандай зиян екенін қазақ қайдан білсін. Бұл Хасан Сабыровты мен жақсы білемін, бұл кісі 1913-нші жылда Уфада медресе Ғалияға Учитель боламын деп келіп, қыс ортасына жеткізбей оқыта алмаған соң шәкірттердің «керегің жоқ, зыт жоғал өмірімізді босқа өткізбе» деп қойып шығарған адамы еді. Енді бұл заманға келгенде большевиктерге агент болып, өздері аштықтан ақылынан адасып отырған қазақ арасына шығып азғырып, артынан шұбыртып артынан ертіп келген 65000 мың қазақ қырғыз атынан сөйлеймін деп отырғаны. Хасекене мынадай заман, қулар заманы болып тұрғанда лай судан балық аулап пайда етуді кезек, большевиктерге сөздері өтімді болуы үшін қолына қарап, мұнан соң жүріп жемісті болуы үшін, алды артын абайлап қарап, аңғармайтын алаңғасарлау ел керек бұған, қолайлы алдағанға ергіш, арбағанға көнгіш біздің қазақ екені тағы анық фурсаттан қулар пайдаланбай кім пайдалансын?» [5].

1918 жылдың көктемінде облыс орталығы Ташкентте аш, көше кезіп бұратылған қазақтар саны арта түседі. «Бірлік туы» тобына топтасқан көзі ашық азаматтар осы қазақтарға көмек ұйымдастыруды қолға алып, «аштарға жәрдем комитетін» құрады. Мұны «Аш қазақтарға жәрдем комитетінен» оқимыз. Қолынан келетін, мүмкіндігі бар халықты осы комитет арқылы аштарға көмек көрсетуге үндейді: «Ташкенттегі “Бірлік туы” атынан ашылған аштарға жәрдем комитеті осы марттың 14-нен бастап бір асхана ашты. Қазір 250-ден артығырақ аштарға ас беріп тұр. Енді алаш азаматтарынан өтінеміз аз демей, көп демей қолдан келген көмектерін етіп, осы ізгі істің тоқталып қалмауына жәрдемдессе. Орыс, яһуд және бұлардан басқа халықтар да аш қазақтарды көріп шыдай алмай жәрдем етіп жатқанын біле тұра, біздің бұл іске қатыспай қарап қалуымызды әрі көріп кірістік. Енді біздің бұл ісімізге көмек беріп көтермелеу жалпы алаш азаматтарына ортақ. Һәм әуелде жәрдем комитетін ашқандағы сенгеніміз де халық еді. Жәрдем жіберушілер “Бірлік туы” басқармасына жіберсе болады» [6].

Түркістандағы ахуалдың күн сайын күрделене түскенін газет жарияланымдары нақтылай түседі. Егер осы 1918 жылдың 25 нөміріндегі «Түркістанды» зерделесек, бұған анық көз жеткізуге болады. Тіпті көшеде жүріп келе жатқан адамның сол қалпында құлап өліп кеткен оқиғалары осы жылдары-ақ басталғанын көреміз: «Түркістан ауданының қазақтарының ахуалы күн сайын төмендеп осы уақытта тамақ жаман болып тұр. Көшелерде шұбырып жүрген аш қазақ. Екінші бірінің аштықтан көзі іскен, беті іскен. Ана жерде де, мына жерде де аштықтан өліп жатқан адам. Осы кезде өлікті жинап алуға да шама келмей бара жатыр. Ақыры не болары белгісіз, бұл бетпен бара берсе Түркістанда қазақтан тұқым, ұрпақ қалуына көз жетпейді. Бір шараны құдай өзі таппаса, бұл жердегі жұрттың жақын арада жақсылық болар деп үміті аз» [7].

Тіпті аштық деңгейінің өршіп тұрғаны соншалық, диқандарға таратылған бидайдың өзі лезде желініп, жерге себуге дейін жеткізілмей жоқ болғаны көрінеді: «Жақында Түркістанға арнап 23 мың пуд астық келіп еді. ...біз суиуз (союз) болып алып келдік деп көбісін орыс пен ноғай алып қойды. Диқандар тұқым қылсын деп һәр болысқа қалған бидайдан 4 жүз 50 пұттан бидай таралды. Бірақ аш жұрт оны жерге сеппестен ішіп (жеп) жіберді. Жаңа комитет атына өзінің саудагерлік жөнінен алған бидайларын келтірген адамдар көп екен. Олардың көбісі өз бидайларын алып кетіскен. Сөйтіп келген 23 мың пуд астық екі-үш күнде тарап жоқ болды». Жоғарыда айтылғандай алаяқтықтың мұнда да орын алғандығына көз жұмуға болмас: «Келген бидайдың ішінде өз пұлына алдырған азық-түлік комитетінің бір азасы Тастанбек Аюбеков деген жігіттің 5 жүз пұттай бидайы бар екен екі ауылынай әйелді союз қылып, соған арнап комитет атына алып келіп ешкімге білдірмей жалғыз өзі ала қойып пұтын 88 сомнан сата бастаған. Мұнан исполнительный комитет

хабардар болып, азық-түлік комитетіндегі мұсылман азалардың барлығын абақтыға жапты. Бұған дейін азық комитетінің бастығы қазақ еді. Бұл күнде орыс болды. Бұрын комитет ағзаларының ішінде қазақтан да, сарттан да бар еді. Бұл уақытта комитетте тегіс орыс болып азық-түлік түгел орыс қолына өтіп тұр. ... Астық істерінен қазақ шеткері болып тұр. Аштықтан айрықша қырылып жатқан қазақ,... Қай жағынан қарағанда да Түркістан қайғыға қалып тұр. Жұрттың қашан жақсылыққа кез болып, жадырарын болжауға жақын арада көңілге тоқ боларлық кеш нәрсе көрінбей тұр» [7].

Осындай жағдай Түркістан өңірінің Жетісу облысында да қалыптасты. Осылайша, 1921-1922 жж. алапат ашаршылық қарсаңында тұтас Түркістан өңірінде аштық қаупінің орын алғандығын, оның сол кезде-ақ белгілі болғандығын байқау қиын емес.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазалыдан // Бірлік туы газеті, 1917, 11 қазан, № 11.
2. Шымкенттен азық-түлік // Бірлік туы газеті, 1917, 8 қараша, № 14.
3. Ақмола облысынан астық // Бірлік туы газеті, 1917, 20 қазан, № 12.
4. Ташкент 25-нші ноябрь // Бірлік туы газеті, 1917 // 20 қазан // № 14.
5. Маметов А. Ноғай» «Қамқор» // Бірлік туы газеті, 20 қазан, 1918, № 21.
6. Аш қазақтарға жәрдем комитетінен // Бірлік туы газеті, 1918, 22 наурыз, №26.
7. Түркістан // Бірлік туы газеті, 1918, 15 (2) наурыз, № 25.

УДК 93/94 : 930 (575.2) (04)

DOI 10.58649/1694-8033-2024-4(120)-273-279

Шейшекенов Т.Б.

Ж. Баласағын атындағы КУУ

Шейшекенов Т.Б.

КНУ имени Ж. Баласагына

Sheyshekanov T.B.

KNU named after J. Balasagyn

<https://orcid.org/0009-0008-3601-0848>

ЖУСУП АБДРАХМАНОВДҮН 1916-Ж. УЛУТТУК БОШТОНДУК КӨТӨРҮЛҮШҮН ТАРЫХЫН ИЗИЛДӨӨСҮ

ИССЛЕДОВАНИЕ ЖУСУПОМ АБДРАХМАНОВЫМ ИСТОРИИ НАЦИОНАЛЬНО ОСВОБОДИТЕЛЬНОГО ВОССТАНИЯ 1916 ГОДА RESEARCH BY ZHUSUP ABDRAKHMANOV INTO THE HISTORY OF THE NATIONAL LIBERATION UPRISING OF 1916

Кыскача мүнөздөмө: Бул макалада, КАССР инин Эл Комиссарлар Советинин биринчи Төрагасы, мамлекеттик жана коомдук ишмер Ж. Абдрахмановдун тарыхый булактардын негизинде кыргыз элинин 1916-ж. улуттук-боштондук көтөрүлүшүнүн өбөлгө, себептери, шылтоосу жана натыйжалары боюнча чыгарган жыйынтыктары изилденген. Совет бийлиги Кыргызстанда орногондон кийин 1916-ж кыргыз элинин улуттук боштондук көтөрүлүшүнүн тарыхын изилдөө акырындан колго алына баштагандыгы белгиленген. Ж. Абдрахмановдун көтөрүлүштүн өбөлгөлөрүн көрсөтүүдө колониялаштырганга чейинки мезгилдеги кыргыздардын коомдук-экономикалык укладын жана Кыргызстандын агрардык колонияга айлангандыгын, кыргыздардын коомдук, чарбалык жана маданий турмушундагы өзгөрүүлөрдү тарыхый булактарды колдонуу менен изилдегени анализделген.

Аннотация: В статье анализируется, как первый Председатель Совета Народных Комиссаров КАССР, государственный и общественный деятель Ж. Абдрахманов, используя